
ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА БЕС ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ РЕФОРМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ

РЕАЛИЗАЦИЯ ПЯТИ ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫХ РЕФОРМ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

IMPLEMENTATION OF FIVE INSTITUTIONAL REFORMS UNDER PRESENT CONDITIONS

ӨОЖ 32:26(574)

Д. А. Сихимбаева,
*PhD, ҚР БҒМ ҒМ Философия, саясаттану және
дінтану институтының ғылыми қызметкері;*
Н. С. Абжетов,
Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты.

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ ПЕН КОНФЕССИЯ АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАС ҮЛГІЛЕРІ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада мемлекеттік-конфессионалдық қатынастарды зерттеудегі шетелдік, ресейлік және отандық ғалымдардың теориялық тәсілдемелері мен аталмыш қатынастарды топтаудағы негізгі үлгілер қарастырылады. Сонымен қатар, мемлекеттік-конфессионалдық қатынастардың қалыптасуындағы қоғамдық-саяси құрылым мен діндердің өркениеттік негіздерінің рөлдері көрсетіледі. Авторлар батыстық және шығыстық қоғамдардағы дінге қатысты саясаттардың ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жасап, Қазақстандағы мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қатынастарды одан әрі дамытудың мәселелерін көтереді.

Тірек сөздер: мемлекет, дін, конфессия, діни ұйымдар, Конституция, заң, үлгі.

Аннотация

В данной статье рассматриваются теоретические подходы и основные модели классификации государственно-конфессиональных отношений зарубежных, российских и отечественных ученых. Подчеркивается роль общественно-политического строя и цивилизационные основы религий в формировании государственно-конфессиональных отношений. Авторы приводят сравнительный анализ особенностей религиозной политики в западных и восточных обществах и поднимают вопросы дальнейшего совершенствования государственно-конфессиональных отношений в Казахстане.

Ключевые слова: государство, религия, конфессия, религиозная организация, Конституция, закон, модель.

Abstract

In this article theoretical approaches and the main models of classification of the state and confessional relations of foreign, Russian and domestic scientists are considered. The role of a political system and civilization fundamentals of religions in formation of the state and confessional relations is emphasized. Authors provide the comparative analysis of features to religious policy in western about east societies and bring up some questions for improvement of the state and confessional relations in Kazakhstan.

Key words: state, religion, faith, religious organization, Constitution, law, model.

Шетелдік және отандық саяси және әлеуметтік ғылымдарда мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қатынастарды топтау немесе олардың белгілі бір типологиясын жасау бойынша ортақ пікір жоқ. Себебі мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар үлгілерін анықтау мемлекет пен діни ұйымдардың ғасырлар бойы қалыптасқан қарым-қатынастарының дәстүрлі элементтерінің сақталуымен қатар, қазіргі таңда олардың түрлері мен мазмұндарының,

бағыттарының күрделі және терең өзгерістерге ұшырауына байланысты аса күрделі мәселе. Мәселен, мемлекеттік діндері (шіркеулері) бар Англия, Швеция, Грекия, Норвегия тәрізді еуропалық мемлекеттерді ислам дінін мемлекеттік деп жариялаған Сауд Аравиясы, Иран тәрізді мемлекеттерімен бір қатарға қою көптеген көрсеткіштер бойынша мүмкін емес. Сонымен қатар ресми түрде, конституциялық деңгейде мемлекеттік немесе ұлттық шіркеулері бар, бірақ, көп конфессионалды сипаты бар Еуропа елдерін моно діни мемлекет деп айту қиын. Керісінше, осы ресми бекітілген шіркеулерінің болғандарына қарамастан, аталмыш мемлекеттер діни сенім бостандығы мен діни плюрализмді қамтамасыз ету саласында әлемдегі ең демократиялық мемлекеттер болып есептеледі. Мемлекет пен дінді (еуропалық мемлекеттерде негізінен шіркеу) бөлу қағидатын ұстанатын зайырлы мемлекеттерді де бір үлгіге немесе бір қатарға жатқызу мүмкін емес. Себебі қазіргі таңдағы зайырлы мемлекеттер дінге қатысты енжар саясаттан бастап қатаң шабуылдаушы саясатқа дейін ерекшеленеді. Осы орайда, ішкі қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени факторлармен негізделген ерекшеліктерге байланысты ғалымдар арасында мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынастарды топтау бойынша ортақ пікір жоқ.

Қазақстандық ғалым М. Онучко мемлекеттердің типологиясы мен мемлекеттік-конфессионалды қатынастарды бөліп қарастырудың маңыздылығын айтады. Мемлекеттер мемлекеттік діннің бар немесе жоқ болуы, бөлу қағидатын мойындау, қоғамдық, мемлекеттік басқаруда діни-құқықтық нормалардың қызмет етуі және дінге қоғамдық кеңістікте еркін қызмет етуге рұқсат беруі бойынша ерекшеленеді [1].

Осыған орай, шетелдік ғылыми зерттеулердегі мемлекеттердің дінге қатысты қатынасы мен саясатына қарай жіктеуге байланысты бірқатар үлгілерді қарастырып өтейік. А. Кришнасвами мемлекеттердің жалпы дінге қатынасы бойынша оларды:

- ресми шіркеуі немесе мемлекеттік діні бар мемлекеттер;
- бірнеше діндер мемлекеттік болып бекітілген мемлекеттер;
- мемлекет пен дін бөлінген мемлекеттер, деп топтайды және ғалым ұсынған типология шетелдік, Кеңес Одағы кезеңіндегі және қазіргі таңда кеңінен таралған топтамалардың бірі болып табылады [2]. Бұл топтамадағы әрбір топ өз ішінде бірнеше көрсеткіштерге байланысты тағы да жіктеле түседі.

Әлемде дінді және діни ұйымдардың қоғамдық қызметтерін реттеуде, басқаруда мемлекеттердің алуан түрлі тәжірибелері бар. Бірқатар мемлекеттер діннің қоғамдық көріністеріне төзімділікпен қарап, діни ұйымдарды азаматтық қоғамның заңды құрылымдары ретінде қызмет етуіне либералдық шарттар жасаса, енді бір мемлекеттер діннің кез келген қоғамдық көрінісі мен діни құқықтардың көтерілуіне күмәнмен қарап, олардың заңды құрылым ретінде тіркелуіне көптеген шектеулер қояды. Дінді заңды тұрғыдан басқару бойынша, шетелдік ғалым Джереми Ган мемлекеттік-конфессионалды қатынастарды:

1) Ресми түрде жарияланған «мемлекеттік діндері» бар мемлекеттер (Ұлыбритания, Норвегия, Сауд Аравиясы);

2) Белгілі бір діндерге заңды түрде артықшылықтар беретін жүйесі бар мемлекеттер (Ресей, Германия);

3) Техникалық түрде барлық діндерді бірдей қабылдайтын жүйесі бар мемлекеттер (АҚШ және Жапония);

4) Ресми түрде «секуляризм» саясатын, яғни мемлекет пен діннің бөліну қағидатын жариялаған мемлекеттер (Франция, Түркия) сияқты категорияларға бөліп қарастырады.

Джереми Ган бұл үлгілердегі мемлекеттердің әрқайсысы, тіпті ресми құрылымдық жағынан бір түрге жататын мемлекеттердің дінді және діни ұйымдардың іс-әрекетін реттеуде әртүрлі тәсілдеме қолдануын түсіндіруде олардың заңдарын зерттеу жеткіліксіз, себебі дінге қатысты заңнамалар бүкіл жағдайды түсіндіріп бере алмайды деп есептейді.

Осы орайда, ғалым сол елдің тарихын, мәдени дәстүрлерін зерттеумен қатар, осы мемлекеттердің өздері туралы қалыптастырған мифтер мен идентификацияларды зерттеу қажет деген гипотезаны ұсынады [3].

Р. Балодис мемлекеттерді А. Кришнасвами тәсілдемесін қолдана отырып, мемлекеттерді:

- діни мемлекеттер, яғни өзін тек бір ғана дінмен байланыстыратын, мемлекеттік билік негізінен дінге сүйенетін мемлекеттер;
- мемлекеттің шіркеуден белгілі бір деңгейде ғана бөлінуі, яғни, бұл елдер қатарына конституциялық деңгейде мемлекет пен шіркеудің бөліну қағидатын жарияланғанымен, іс жүзінде оны орындамайтын мемлекеттер жатады;
- мемлекет пен шіркеудің шекаралары заңды түрде нақты белгіленген, діннен толықтай бөлінген мемлекеттер;
- ұлттық шіркеулері бар мемлекеттер;
- анти діни, яғни дінге теріс қатынасын білдіретін мемлекеттер деп беске бөліп қарастыруды ұсынады [4].

Маттиас Коенг мемлекет пен діни ұйымдар қарым-қатынастарының қалыптасып, белгілі бір бағытта дамуына қоғамның құрылымы, яғни мемлекеттің қоғамды басқару түрі және азаматтардың осы қоғам құрылымының дамуына қатынасу үрдісі ықпал етеді деп есептейді. Өз тұжырымын негіздеу мақсатында зерттеуші қоғамдық тәртіптің үш: либералды, мемлекеттік/республикалық, корпоративті мемлекет немесе корпоративті қоғам түрлерін ұсынады [5]. Аталмыш қоғамдық құрылымдар немесе қоғамдық жүйелер ұлттық бірегейлік мәселесін түрліше түсінеді, оның қалыптасуы мен жүзеге асырылуын кең, яғни әмбебаптылық аясында немесе жекеленген ұлттық көзқарас шеңберінде белгілі бір кодтар арқылы қарастырады. Дін ұлттық бірегейліктің бір компоненті болғандықтан, діни ұйымдарды жалпы мәдениет және қоғам өміріне араластыру олардың аталмыш қоғамдық жүйелердегі ұлттық бірегейлік пен мемлекеттіліктің дамуында алатын орындары жөніндегі түсініктеріне байланысты.

Либералды мемлекет және либералды қоғам жүйелері «мемлекеттіліктің» төмен және «индивидуалдылықтың» жоғарғы деңгейімен сипатталады. Қоғамдық өмір кеңістігінде ешқандай ұйым немесе корпорациялық бірліктер заңды акторлар ретінде мойындалмайды, мемлекет азаматтарын орталықтандырылған жоба немесе идеологияға біріктіруге ұмтылмайды. Оларға тек азаматтық қоғамда рационалды түрде мүдделерін жүзеге асыруға құқықтық кепілдіктер береді. Бұл қоғамдық өмірдегі діни ұйымдардың плюрализмін, азаматтардың діни ұйым шеңберінде құлшылықтар мен қажеттіліктерін қамтамасыз ету саласын да қамтиды. «Мемлекеттіліктің» төмен деңгейіне байланысты аталмыш қоғамдарда діни алуандылық пен діни ұйымдарды басқару және бақылау мемлекеттік іс ретінде емес, ол тек азаматтық қоғамдағы келісім ретінде ғана қарастырылады. Аталмыш үлгі англо-саксондық қоғамдарда ықпалды болып келді. Нақты мысал ретінде Ұлыбританияны келтіруге болады. Ресми түрде мемлекеттік шіркеудің болуына қарамастан, мемлекет діни жамағаттарды плюралистік көзқарас және мультикультурализм аясында қарастырып, қоғамдық жүйеге еркін енгізіп отыр. Сол себептен де, мұсылмандар, Францияға қарағанда, Ұлыбританияда саяси қарсыластыққа ұшыраған жоқ, олар қоғамдық мектептерде, қалалық кеңестерде және Парламентте тиісті орындарын алып отыр. Америка Құрама Штаттарына қарағанда, британдық ұлттық белгілерде христиандық, әсіресе, протестанттық сенім белгілері кеңінен көрініс тапқан [6]. Бұл қоғамда қалыптасқан дәстүрлі мәдени ерекшеліктерге байланысты орын алып отыр.

Либералды қоғам құрылымымен салыстырғанда, мемлекеттік немесе республикалық үлгі қоғамдық салада діни ұйымдарды мемлекеттік және қоғамдық институттар ретінде мойындаудан бас тартады. Қоғамдық тәртіптің немесе жүйенің мәдени бағдарламасы жоғарғы деңгейде мемлекет тарапынан жекелендірілген және қатаң орталықтандырылған. Бұл қоғамдық тәртіптің түріне сәйкес, қоғамдық сала гомогенді және тең құқықтары бар азаматтардан құрылып, олар бір ортақ жобамен бірігуі керек болды. Қоғамдағы жалпыға ортақ бағыттан тыс бірегейлікке, мәселен, діни бірегейлікке жол берілмей, дін адамның жеке басының ісі деп қарастырылып, жеке салаға ығыстырылды. Мемлекеттік саясат мемлекеттің рәміздік шекараларын бақылау мен түрлі қоғамдық орталарда, әсіресе, білім беру саласында ұлттық бірегейлікті сақтауға бағытталды. Оның жарқын мысалы ретінде Франция Республикасын айтуға болады. Қоғамдық қызметтерді мемлекеттік тұрғыдан

орталықтандыру деңгейінің жоғары болуы мен ұлттық рәміз «лаицизм» (лаицизм-зайырлы терминінің аналогы, келесі тарауларда кеңінен тоқталып өтеміз) идеологиясымен бірігіп, діни ұйымдарды ұлттық бірегейлікті бұзатын, жіктейтін құбылыс ретінде қарастырды.

Соңғы қоғамдық жүйе-корпоративті мемлекет немесе корпоративті қоғам негізінен Германияда кеңінен таралды. Бұл үлгідегі қоғамдық жүйеде дін қоғамдық саланың бір бөлігі ретінде қарастырылып, діни ұйымдар, негізінен дәстүрлі шіркеулер мемлекеттік қызметтерді атқарды. Сондықтан да, формальді түрде мемлекет пен діннің бөліну қағидаты жарияланғанымен, мемлекет діни саясатында діни ұйымдардың қоғамдық қызметтерін реттеуге басты назар аударды. Бұл мемлекеттік – корпоративтік үлгі мемлекет пен шіркеулер арасындағы тығыз ынтымақтастық қатынастардың институционалды деңгейде жүзеге асырылуында көрініс тауып отыр. Үлгінің заңнамалық өлшемі күрделі конституциялық, заңнамалық және келісімдік құжаттар арқылы анықталады. Қарым-қатынастар негізінен осы қоғамдық жүйелердегі екі немесе бірнеше негізгі шіркеулер мен мемлекет арасында қалыптасып, ол шіркеулерге қоғамдық заңның ұйымдары деген мәртебе беріледі. Аталмыш қоғамдық тәртіп немесе қоғамдық жүйе үлгілері мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қатынастардың және мемлекеттің діни саясатына орасан зор ықпалын тигізді. Бұл үлгілер мемлекеттүзушілік және ұлттық бірегейліктің тарихи қалыптасуы барысында пайда болған. Қазіргі таңда, әрине, бұл үлгілер қоғам және халықаралық шарттарға байланысты көп өзгерістерге ұшырауда, алдағы болашақта да осы үдерістің жалғасуын байқауға болады.

Батыстық ғалым Теодор Ханф жалпы мемлекет пен діни ұйымдардың арасындағы қарым-қатынастардың кеңінен қабылданған типологиясына сәйкес оларды негізінен үш категорияға бөлуге болады деп есептейді: біріншісі, ресми қабылданған немесе бекітілген діни бар жүйе (мәселен мемлекеттік дін немесе белгілі бір артықшылықтары бар діннің болуы); екіншісі, мемлекет пен дінді бөлудің қатаң принциптері қалыптасқан жүйе және үшіншісі, аралас жүйе. Қазіргі таңда бірінші катеорияға жататын мемлекеттер санаулы ғана, мәселен: мұсылман әлемінде Иран мен Сауд Аравиясы, Батыс Еуропада Дания, Норвегия, Ұлыбритания және Финляндия. Қатаң бөлу категориясына жататын мемлекеттер де аса көп емес, оның жарқын мысалдары ретінде АҚШ, Франция және Түркия. Үшінші топқа жататын мемлекеттердің саны өте көп. Бұл категорияға жататын мемлекеттер мен діни ұйымдар арасында түрлі ынтымақтастық қатынастарды анықтайтын конкордаттар мен құқықтық заңнамалар бар [7]. Батыс ғалымдарының басым көпшілігі, екінші категорияға пост кеңестік мемлекеттерді жатқызбайды, себебі мемлекет дәстүрлі діндерге басымдықтар мен артықшылықтар береді деп есептеледі. Біздің ойымызша, мемлекет пен дінді бөлу қағидаты бойынша пост кеңестік мемлекеттерді осы екінші категорияға жатқызуға болады, себебі біздегі мемлекет пен діннің бөліну қағидаты қоғамдық өмірде жарқын көрініс тапқан. Мемлекет пен діни ұйымдардың алшақтығы қоғамдық өмірдің барлық дерлік салаларында орын алған.

Кез келген мемлекет ішкі әлеуметтік-мәдени факторлар мен қоғамдық құрылысына байланысты дін саласын түрлі жолдар арқылы реттеп отырады. Дегенмен, дін мен мемлекет қатынастарын зерттеп жүрген ғалымдар оларды: сепарациялық (зайырлы), ресми бекітілген немесе мемлекеттік дін және кооперациялық деп негізгі үш топқа бөледі. Бірінші топқа конституциялық деңгейде мемлекет пен діннің бөлінуін жариялаған АҚШ, Франция, Түркия, сонымен қатар ТМД елдері, екінші топқа Ұлыбритания, Норвегия, Греция, Иран, Судан елдері, үшінші топқа Италия, Испания және Германия сияқты елдер жатады. Аталмыш жіктеудің ішінде бір топқа жататын мемлекеттердің араларында көптеген айырмашылықтар мен түсінбеушіліктер бар. Мәселен, зайырлы болып табылатын Францияда мемлекет 1905 жылға дейінгі салынған шіркеулерді иеленсе, АҚШ-та мемлекеттік діни құрылыстар жоқ (әскердегі каппеландар мен әуежайлардағы діни бөлімшелерді есептемегенде). Еуропада христос белгісі көптеген мемлекеттік және қоғамдық орындарда кеңінен көрініс тауып, ұлттық діни рәміз ретінде таралса, АҚШ-та та бұл белгілі бір дінге артықшылық немесе ықылас танытушылық деп қабылдануға байланысты мүмкін емес әрекет ретінде қарастырылады [8].

Уинфред Бругер мемлекет-дін арасындағы қатынастардың:

- 1) Мемлекет және дін арасындағы агрессиялық араздық қатынас үлгісі;
- 2) Теория мен тәжірибе жүзінде мемлекет пен шіркеудің қатаң бөліну үлгісі;
- 3) Теорияда қатаң бөліну үлгісі, тәжірибе жүзінде келісім үлгісі;
- 4) Бөліну және кооперациялық (серіктестік қарым-қатынас) үлгі;
- 5) Формальді түрде мемлекет пен діннің бірлігі, ал тәжірибе жүзінде бөліну үлгісі;
- 6) Мемлекет пен діннің формальді бірлігі мен тәуелсіздігі сияқты 6 үлгісін бөліп қарастырады [9].

Аталмыш типологияның бірінші түрі қазіргі таңда әлемдік мемлекеттерде аз кездеседі, ол негізінен белгілі бір мемлекеттің саяси режиміндегі ресми идеологиясында, конституциясында, саяси тәжірибесінде көрініс тапқан дінге қарсы қатынас. Аталмыш қатынастың нәтижесінде діни ұйымдар қоғамдық өмірдің барлық салаларынан шеттетіліп, тіпті жасырын қызмет етуге мәжбүр болады. Бұл үлгі негізінен бұрынғы коммунистік мемлекеттердің жалпы идеологиялық жұмысының аясында маңызды бір бағыт ретінде жүзеге асырылды. Жалпы, Кеңес Одағындағы дінге деген дұшпандық қатынастың қалыптасуына Маркстің дінге қатысты айтқан ойлары ықпал етті деп есептелінеді. Алайда, дінге қатысты дұшпандық қатынасты тек маркстік іліммен ғана байланыстыруға болмайды. Себебі, коммунистік емес мемлекеттерде де мемлекеттің дінге қарсы дұшпандық қатынасқа Жаңа Дәуірге дейін мемлекет пен шіркеу арасындағы саяси билік үшін қақтығыстары себеп болды.

Гонконгтық саясаттанушылар Беатрис Лунг, Шан-хиг Чан мемлекет және шіркеу арасындағы қатынастардың үш үлгісін атап көрсетеді:

- сепарациондық үлгі, бұл үлгіде мемлекет белгілі бір дінге қолдау көрсетуден алшақ тұрады, сонымен қатар мемлекеттің жалпы діни ұйымдарды қатаң қадағалауға да қарсы болады;

- мемлекеттік үлгі, мемлекет тарапынан діни ұйымдарға қатысты шектеулік саясат жүргізуді немесе белгілі бір дінге қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл бағыт зайырлы да, теократиялық сипатқа да ие бола алады;

- зайырлы үлгі мемлекеттің діни ұйымдардың қызметін реттеу қызметін қолдайды, сонымен қатар мемлекеттің белгілі бір дінге қолдау немесе басымдық беруін қолдамайды және мемлекеттік ұйымдар мен қоғамдық өмірде діннің көріністеріне жол бермейді [10].

Джэймс Ууд әлемдегі мемлекет және дін қатынастарын негізгі төрт топқа бөліп қарастыруды ұсынды. Бірінші топқа, ресми шіркеуді қолдайтын немесе мемлекеттік діндері бар елдер. Бұл үлгі қазіргі таңдағы мемлекет-шіркеу үлгілері арасындағы ең ежелгі және Батыс және Шығыс қоғамдарына тән үлгі. Сонымен қатар бұл үлгі өзге діни дәстүрлерге дискриминация көрсетіп, ресми діндерге қаржылық және саяси қолдау көрсетеді. Қазіргі таңда, бұл үлгіге: Англия (Англикандық шіркеу), Швеция (Лютерандық шіркеу), Перу (Католик шіркеуі), Греция (Православиелік шіркеу), Иордания (Ислам), Израиль (Иудаизм) мемлекеттері жатады.

Екінші топқа шіркеу болған мемлекеттер, яғни мемлекет шіркеудің қызметтерін атқаратын, бұл үлгіні, ғалымның пікірінше, ресми шіркеулері бар немесе мемлекеттік діндері бар топтан айырмашылығы бар. Аталмыш топқа, ғалым дәстүрлі мұсылман елдерін енгізеді, мәселен, Ауғанстан.

Үшінші топ дінге дұшпандық қатынас орнатқан мемлекеттер. Оған фашистік мемлекеттер, антиклерикалды Мексика, Албания, Куба және бұрынғы кеңестік мемлекеттер кіреді.

Төртінші топ мемлекет пен шіркеудің институционалды бөлінуі, оларға Франция, Түркия, Бразилия және АҚШ мемлекеттері жатады [11].

Ресейлік ғалым В. Веремчук адамзат қоғамы тарихында мемлекет пен шіркеу арасындағы қарым-қатынастар түрлі институционалды түрлерде қалыптасып, көптеген үлгілерде көрініс тапқанын негіздеп өтіп, соның ішіндегі ең маңыздылары ретінде:

- теократиялық үлгіні (Ватикан және Иран);
- мемлекеттік шіркеуі бар үлгіні;
- мемлекет пен шіркеудің бір-біріне тәуелсіз бірліктер ретінде қалыптасқан үлгіні (1917 жылға дейінгі Ресей Империясы);

– атеистік идеологияны жүзеге асырушы ретінде тоталитарлық мемлекет үлгіні атайды (бұл мемлекеттер үшін шіркеу тәуелсіз саяси бірлік ретінде қызмет етуі мүмкін болмайды (КСРО) [12].

Қазақстандық ғалымдар, А.Косиченко, Е. Бурова және Е.Байдаров қазіргі таңдағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың үлгілерінің бір жағынан, көп, екінші жағынан аса көп емес деп есептейді. Көп болмау себебі, аталмыш қатынастардың тек үш: яғни атеистік, зайырлы және теократиялық түрі ғана бар. Көп болуының себебі, осы аталған үш түрдің ішінде мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қатынастарды жүзеге асырудың түрлі жолдарының болуы[13].

А. Косиченко қазіргі таңда мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар үлгісінің алуан түрлілігіне қарамастан, олардың ішінде ең белгілі және жиі кездесетін үлгілерін:

- бірінші үлгі, мемлекеттегі барлық конфессиялардың абсолютті теңдігі;
- екінші үлгі, тек бір мемлекеттік дінді бекіту үлгісі. (Мемлекеттік діннің елдегі өзге діндермен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары болады. Бұл үлгідегі діндердің мемлекеттік немесе ресми дін деген мәртебелері болады);
- үшінші үлгі, мемлекет бір немесе екі ресми дінге бағытталатын мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды түзейтін үлгі;
- төртінші үлгі, мемлекет барлық діндерге тең заңнамалық мәртебе береді, алайда, салық төлеу жеңілдіктері барлық діни ұйымдарға берілмей, тек мемлекеттік тіркеуден өткен және заңды тұлға мәртебесін алған діни ұйымдарға ғана берілетін үлгі;
- бесінші үлгі, шаруашылық жүргізу мен қоғамдық мектептерде білім беру беру құқықтарын мемлекеттің тарихы мен мәдениетіне үлесін қосқан діндерге ерекше статус беру үлгісі деп топтайды [13, 9-б.].

Мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың шетелдік тәжірибесін зерттеп жүрген қазақстандық ғалым Ж. Онлашева мемлекеттерді дінге және идеологияға қатысты төмендегідей топтайды:

- 1) Бір дінді мемлекеттік деп бекіткен мемлекеттер, оларға Катар, Коста-Рика, Пәкістан, Иран және т. б жатады;
- 2) Белгілі бір діннің басым мәртебесін немесе ресми дін деп бекіткен мемлекеттер, оларға Дания, Біріккен Корольдік және т. б жатады;
- 3) Ресми діндері жоқ мемлекеттер, оларға Аргентина, Болгария, Испания, Италия, Маврикий, Тайланд және т. б жатады;
- 4) Шіркеу мемлекеттен бөлінген мемлекеттер, оларға Нидерланды, Перу, Португалия, АҚШ, Франция және т. б;
- 5) Шіркеумен белгілі бір келісім орнатқан мемлекеттер, оларға Боливия, Италия, Колумбия (біз өз тарапымыздан Испания, Польшаны қосамыз) және т. б жатады;
- 6) Атеистік идеологиясы бар мемлекеттер, негізінен социалистік бағыттағы мемлекеттер және т. б жатады;
- 7) Бейтарап ұстанды ұстанатын зайырлы мемлекеттер [14].

Онлашеваның осы топтамасынан көріп отырғанымыздай, заңнамалық түрде ресми діндері жоқ топқа жататын екі еуропалық мемлекеттер Италия мен Испания мемлекеттері шіркеумен келісімдері бар топқа да жатады. Мемлекет пен Католик Шіркеуі арасындағы келісім католик шіркеулеріне қоғамдық өмірдің маңызды салаларында айтарлықтай артықшылықтар мен жеңілдіктер береді. Франция еуропадағы ең зайырландырылған мемлекеттердің бірі және дінге қатысты төзімсіз қатынасымен белгілі болып отырғанына қарамастан, 1865 жылға дейін қоғамда қызмет еткен шіркеулерге мемлекет тарапынан қаржылық көмекпен қатар, өзге де қолдаулар көрсетіп отырады. Бұл саясаттың өзі Франция Республикасының француз халқының мәдениеті мен тарихында ерекше орын алған дәстүрлі құндылықтарға қатысты қатынасын көрсетеді.

Шетелдік және отандық ғалымдардың мемлекеттік-конфессионалдық қатынастарының топтамаларына салыстырмалы талдау жасай отырып, олардың арасында ортақ пікірдің

жоқ екендігіне көреміз. Сонымен қатар бір үлгіге жатқызылған мемлекеттердің өздері бір-біріне мүлде қарама-қайшы саясат ұстанып отырғанын да байқауға болады. Бұл топтамалар әрине, шартты түрде бөлінген, аталмыш үлгілер арқылы мемлекет пен конфессия арасындағы қатынастарды анықтау мүмкін емес. Қарастырылған үлгілердің алуандығы әлемдегі мемлекеттік-конфессионалдық қатынастардың қалыптасуының өзіндік, бір-біріне ұқсамайтын жолдарының болғандығын білдіреді. Аталмыш ерекшеліктер, әрбір елдің ішкі қоғамдық-саяси, мәдени, экономикалық даму факторлары мен әрбір қоғам немесе мемлекеттің дінге берген орнына байланысты. Мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар үлгілеріне жоғарыда берілген топтамалар мен мемлекеттердің дінге қатысты типологияларының ортақ тұстары мен ерекшеліктері бар. Олардың әрқайсысының өзіндік кемшіліктері мен артықшылықтары да бар. Осы мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар үлгілерінің ең жиі кездесетін түрлеріне қысқаша тоқталып өтейік.

1) Діни мемлекеттер қазіргі таңда өзге мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар үлгілеріне жататын мемлекеттермен салыстырғанда санаулы ғана. Діни мемлекеттерде дін қоғамдық шынайылықтың барлық дерлік салаларын терең қамтып, мемлекеттік институттардың іс-әрекеттері толықтай діни биліктің бақылауында болады. Ал діни билік, негізінен мемлекеттік-құқықтық тетіктерді өз мүдделері мен дүниетанымына орай жүзеге асыруға қолданады. Ресейлік ғалым И. Александров аталмыш мемлекеттер белгілі бір саяси шешім қабылдауда діни догматиктердің пікірін ескеруге мәжбүр болып, еркін дами алмайтындығын айтады [15]. Дегенмен, біз діни мемлекеттердің немесе олардағы саяси басшылықтың кемшіліктерін көрсетуді мақсат етіп отырған жоқпыз, олардың да өзіндік мәдени және дүниетанымдық көзқарасын жүзеге асыруда өмір сүрулеріне толықтай құқықтары бар. Қазіргі заманда, өкінішке орай, әлемдік саясат деңгейінде мемлекеттік басқаруды, ішкі қоғамдық-саяси жағдайды, құбылыстарды унификациялау үрдісі анық. Діни мемлекеттер немесе дәстүрлі діни сенімдері мықты және сол құндылықтарды сақтауға ұмтылған қоғам мен мемлекет әлемдегі алып державалар тарапынан демократиялық құндылықтарға сай емес, олай болса, бүкіл адамзаттың фундаментальді құндылықтарына сай емес деп қарастырылады.

Қоғамдық және саяси үрдістерге кеңінен араласу, сол арқылы мемлекетпен тығыз байланыс орнату жағынан ислам діні қазіргі таңда өзге діндермен салыстырғанда өте ықпалды болып отыр. Әрине, христиан дінінің негізгі бағыттары мен буддизм діндерін ресми түрде мемлекеттік немесе ұлттық деп жарияланған мемлекеттер бар. Дегенмен, олардың саясатқа араласу деңгейі ислам дініне қарағанда әлдеқайда бәсеңірек. Осы орайда, діни мемлекеттер дегенде негізінен ислам дінін ресми түрде жарияланған мемлекеттер алдыңғы қатарға шығады. Діни мемлекеттер белгілі бір дінді ресми немесе мемлекеттік дін деп жариялаған мемлекеттерден көптеген көрсеткіштер бойынша ерекшеленетінін айта кету қажет. Мемлекеттік діні бар мемлекеттердің діни мемлекеттерден басты айырмашылығы мемлекеттік билік және қоғамды басқару толықтай діни негіздерге сүйенбейді. Мемлекеттік дін тек символикалық немесе формальді түрде ғана бекітілуі мүмкін. Оның жарқын мысалы ретінде Еуропаның бірқатар елдерін, әсіресе, Ұлыбританияны келтірсе болады. Белгілі батыстық ғалым Грэйс Дэйви британдықтарды «діни сенімсіз сенім немесе бірегейлік» (belonging without belief) деген сипаттама береді. Яғни ағылшындықтардың шіркеуге сенімдері бұрынғы кездермен салыстырғанда аса жоғары болмаса да, олар өздерін мәдени тұрғыдан Англикандық шіркеумен байланыстырады.

Сонымен қатар мемлекеттік діні бар мемлекеттерде діни мемлекеттерге қарағанда зайырлы қоғамдық институттардың ықпалы әлдеқайда жоғары. Діни мемлекеттерде аталмыш институттардың болуына қарамастан, мемлекеттік, қоғамдық және жеке өмірді негізінен діни ережелер мен діни сана анықтайды. Қоғамдағы аса маңызды әлеуметтік, ішкі және сыртқы саяси шешімдерді қабылдаудағы басымдылық зайырлы билікке емес, діни билікке тиселі. Ислам діні қазіргі таңда осы аталған сипаттарға толықтай сәйкес келіп, қазіргі таңда адамдардың қоғамдағы өмірінің барлық салаларын қамтитын жүйе ретінде кеңінен орын алып отыр. Өзге әлемдік діндермен салыстырғанда, Ислам дініне

сәйкес, мемлекет пен діни жамағат, заң мен дін, дін мен саясат арасында бөлініс жоқ. Сол себептен де, мұсылмандар басым көпшілік құрайтын қоғамдарда мемлекет пен дінді бөлу қағидатын қатаң жүзеге асыру саясатында абай болу қажет. Себебі мұсылмандар үшін зайырлы мемлекеттік биліктің алдында ислам заңдарын жіберген Аллаһ билігі жоғары тұрады. Осы орайда, қарапайым мұсылман азаматтарының исламдық діни ережелер мен заңдардан бас тарту қиынға соғады.

Мемлекет және саясат туралы ислам ілімін зерттеушісі Г.М Керимов мұсылман жамағаты үшін негізгі заңнамалық билік тек Аллаһқа тиісті екенін атап өтеді. Жер бетінде тіршілік ететін адамдардың заңдары адамдардың өздері сияқты өзгермелі болып келеді, сол себептен де олардың өтпелі сипаты Аллаһтың мәңгілік заңдары алдында дәрменсіз. Осындай тәсілдеме мен идеологияға сәйкес, дінді мемлекеттен бөлу мүмкін емес [16]. Қазіргі таңда, діни мемлекеттер қатарына Иран Ислам Республикасы мен Сауд Аравиясы жатады.

2) Мемлекеттік діни бар мемлекеттер өздерінің конституцияларында белгілі бір дінге немесе шіркеуге ресми түрде мемлекеттік мәртебені бекітеді. Бұл жерде мемлекеттік дін деген шіркеуге қатысты, себебі аталмыш түрге жататын мемлекеттер көп жағдайда батыс еуропалық мемлекеттер болып табылады. Мемлекеттік шіркеу негізінен мемлекетке тәуелді болып келеді, яғни мемлекет шіркеу құрылысы және оны басқару, қаржыландыру, діни білім беру мәселелерімен белсенді түрде айналысады. Қазақстандық ғалым Р. Подопрігора мемлекеттік шіркеулері бар елдерге кейбір сипаттамалар тән деп есептейді. Оларға:

- мемлекет басшысы, сонымен қатар, шіркеу басшысы да болып табылады (Англия королевасы мен Норвегия королі);
- мемлекеттің лауазымды тұлғаларының міндетті түрде шіркеу мүшелерінің болуы (Англия, Дания, Норвегия);
- мемлекеттік шіркеудің құқықтық жүйесі мемлекеттік құқық жүйесінің бір бөлігі болып табылады;
- мемлекет шіркеуді басқару және ішкі құрылымының мәселелерін реттеу мақсатымен шіркеу үшін атқарушы билік органы ретінде қызмет етеді;
- бірқатар жоғарғы лауазымды Шіркеу өкілдері мемлекеттік органдар құрамына кіреді;
- мемлекеттік органдар шіркеу қызметкерлерін тағайындайды (Англия, Норвегия, Финляндия);
- мемлекет шіркеуді қаржыландырады (барлық елдер);
- азаматтар шіркеуге салық төлейді (Дания, Финляндия);
- шіркеу мемлекеттік қызметтерді атқарады [17].

Аталмыш белгілер тек осы түрге жататын мемлекеттерге ғана тән емес, сонымен қатар ресми, конституциялық деңгейде мемлекеттік дін деп жарияламаған еуропалық мемлекеттерге де тән.

Бұл түрге, ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялаған елдерді де жатқызуға болады, мәселен: Алжир, Джибути, Египет, Марокко, Тунис және т.б. Бұл елдердегі жағдай діни мемлекеттерге жататын Иран мен Сауд Аравиясынан ерекшеленеді. Діни іс-әрекет, қаржыландыру, діни білім беру, діни заңнама мәселелерінде ислам дінінің рөлі сөзсіз маңызды. Мәселен, осы елдер қатарына жататын бірқатар мемлекеттердің президенті тек мұсылман болуы тиіс. Сонымен қатар бұл елдерде өзге діни сенімдерге салыстырмалы түрде төзімділікпен қарайды.

3) Діни ұйымдарға қатысты бейтарап саясат ұстанатын мемлекеттер. Бұл мемлекеттер дінге мүлде енжар қарайды деген мағынаны білдірмейді. Мемлекеттің бұл түрі мемлекеттік діни жоқ немесе заңды түрде мемлекет пен дінді бөлу қағидатын жарияламаған мемлекеттерді қамтиды. Бұл түрге жатқызылатын мемлекеттерде жоғарыда қарастырылған мемлекеттерге тән белгілер де болуы мүмкін. Себебі бұл мемлекеттер қоғамдық өмірдің маңызды салаларында өзекті мәселелерді шешуде діни ұйымдармен тығыз қарым-

қатынастар құрудан бастап, діни ұйымдардың қоғамда тәуелсіз бірлік ретінде еркін қызмет етуіне рұқсат ететін мемлекеттер. Мемлекеттің дінге қатынасы бойынша, Еуропа елдерінің басым көпшілігін осы түрге жатқызуға болады.

4) Діни ұйымдардан бөліну қағидатына негізделген мемлекеттер. Мемлекеттің бұл түріне біз келесі тарауларда кеңірек тоқталып өтеміз. Себебі мемлекеттің бұл түрін көптеген ғалымдар, қоғам қайраткерлері мен саясаткерлер зайырлы деп анықтайды. Алайда, бұл мемлекеттердің дінге қатынасы да алуан түрлі болып келеді.

Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі қатынастардың алдында қазіргі таңдағы қоғамдық өмірдің барлық дерлік салаларын қамтыған жаһандану үрдістеріне байланысты үлкен сын-қатерлер тұр. Осы сын-қатерлерге әрбір мемлекет өзінің ішкі діни жағдайына байланысты жауап беруге ұмтылады.

Осы орайда, жоғарыда келтірілген үлгілердегі бірқатар елдердегі мемлекет және дін (Еуропа елдерінде негізінен шіркеу) арасындағы қатынастардың қазіргі таңдағы даму жолдарын қарастырып өтейік. Мемлекеттік діні бар, дегенмен, діни сенім бостандығын қамтамасыз ету саласында халықаралық құқық қорғау ұйымдары мен зерттеулердің діни жағдай бойынша жоғарғы бағаларына ие болған мемлекеттер бар. Мысалы:

Мальта мемлекетінде Католик сенімі конституциялық деңгейде мемлекеттік дін деп жарияланып, Шіркеуге «қандай қағидаттарды оқыту дұрыс, қандай дұрыс емес екендігін» анықтау құқығы берілген. Мемлекеттік мектептерде Католик сенімін оқыту міндетті білім беру бағдарламаларының бір бөлігі болып табылады [18].

Дания Конституциясы Евангелиялық Лютеран Шіркеуін мемлекеттік дін деп жариялайды, сондықтан да мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетіні жарияланады. Дегенмен, Конституция сонымен қатар, өзге діни сенімдерге сенім бостандығына кепілдік береді [19]. Мемлекет дін қызметкерлеріне жалақы мен зейнетақы төлейді. Діни мектептерге де мемлекет тарапынан қолдау көрсетіледі және барлық мемлекеттік мектептерде евангелиялық діни сенімнің ілімі оқытылады, алайда, ата-аналардың өтінішімен оқушылар бұл пәннен босатылады. Мемлекеттік Шіркеуден басқа өзге діни ұйымдар мемлекеттік тіркеуден өтулері қажет. Мемлекет Сайентология шіркеуінен басқа өзге діни ұйымдарға тіркеуге рұқсат бермеген жағдайлар тіркелмеген [20].

Финляндия мемлекетінде екі шіркеуге мемлекеттік қолдау көрсетіледі, олар: Евангелиялық Лютерандық және Православиелік Шіркеулер. Ресми шіркеулерден өзге діндер мемлекеттік тіркеуден өтулері қажет. Діни білімді оқыту мектептердегі оқу бағдарламасының стандарты пәні болып табылады. Сайентология Шіркеуінің тіркелуіне рұқсат берілмеді [21].

Грекия Конституциясы Грек Ортодоксиялық Шіркеуін елдегі басым көпшілік ұстанатын дін деп жариялап, оның тәуелсіздігіне кепілдік береді. Конституцияның 33 және 59-баптары мемлекет Президенті мен парламент мүшелерінің діни ант беруін талап етеді. Конституцияның 16-бабы «ұлттық және діни сананы қалыптастыру» мемлекеттің білім беруге қатысты міндеттерінің бірі болып табылады деп бекітеді [22]. Мемлекеттік мектептерде діни білім пәні, яғни православие ілімі міндетті, алайда, басқа сенімдегі оқушылар өз еріктерімен босатылады [21, 116-б.].

Исландия Конституциясы Евангеликалық Лютерандық Шіркеуді мемлекеттік шіркеу деп жариялайды, сондықтан оған мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, қорғауға алынатыны баса айтылады [23]. Исландиядағы барлық мектептерде христиан ілімі міндетті түрде оқытылады. Бұл пәннен босату тек Білім беру министрлігінің құзыретіне ғана тиісті [24].

Австрия мемлекетінде конституциялық деңгейде зайырлы мемлекет деп жарияланған. Дегенмен, бұл мемлекетте діни ұйымдардың қоғамдағы тарихи және мәдени рөлдеріне байланысты иерархиялық жүйесі қалыптасқан. Діни ұйымдардың мәртебесі Австриядағы қолданыстағы екі заң арқылы анықталады. Олар – 1847 жылы қабылданған «Шіркеулерді мойындау туралы», 1998 жылы қабылданған «Діни конфессиялық топтардың мәртебесі туралы» Заңдар. Австриядағы мемлекет және Католик шіркеуі арасындағы қатынастар екі жақ арасында қабылданған конкордат арқылы реттеледі. Австрияда, сонымен қатар жоғарғы заңдарға сәйкес, діни ұйымдардың үш деңгейі, яғни: ресми түрде бекітілген діни жамағаттар, діни конфессиялық топтар және бірлестіктер бар. Рим католик шіркеуі,

Лютерандық шіркеу, реформистік шіркеу, ескі католик шіркеуі, исламдық ұйымдар, еврейлік ұйымдары, православие (орыс, грек және сербиялық), Шығыс православиелік (армян, коптық, сириялық), Методист шіркеуі, Жаңа апостолдық шіркеу, буддистер, мормондар және Иегово куәгерлері 1847 жылы қабылданған «Шіркеулерді мойындау туралы» Заң арқылы мәртебелері анықталып, шіркеуге төленетін салық және мектептерде діни білім жүргізу тәрізді артықшылықтарға қол жеткізеді. Аталмыш заңның аясында мойындалған діни ұйымдар мемлекет тарапынан қаржылық қолдау көреді, мәселен, қоғамдық және жеке мектептердегі діни білім пәнін жүргізетін оқытушыларға жалақы төлейді, дегенмен, өзге ұйымдарға бұл артықшылықтар жүрмейді. Бірінші заңның астындағы діни ұйымдарға сонымен қатар діни мектептерін жүргізуде мемлекеттік қаржы бөлінеді. Жаңа діни ұйымдар үшін бұл мәртебеге иелену үшін, елде кем дегенде, 20 жыл қызмет етіп, соның 10 жылы халықтың 0,2 пайызын (шамамен, 16 мың) құрайтын мүшелері бар деноминациялық ұйым болып қызмет етуі қажет [25].

Ал 1998 жылдағы қабылданған Заңға сәйкес діни ұйымдардың мәртебесін алу үшін қатаң талаптар қойылады. Осы заңға сәйкес мәртебелері анықталып, тіркелген ұйымдар заңды тұлға мәртебесін алып, жер иеленуге және белгілі бір келісімшарттарға отыруларына болады. Діни ұйымдар осы заңға сәйкес мәртебелерін дәлелдеу олардың құрылуына мемлекеттік рұқсат пен мүшелік қатынастарды реттейтін және діни доктриналарының түйіндемесін көрсетуі тиіс. Білім беру министрлігі діни доктриналардың қоғамдық саясатқа сәйкестігін тексереді. Қазіргі таңда екінші заңға сәйкес, елде тек 10 конфессиялық ұйымдар тіркелген.

Қалған, бірлестік деген мәртебеге ие діни ұйымдар мүлікті иеленуге құқылары бар. Австриядағы діни ұйымдарды тіркеудің ұзақ мерзімі Адам құқықтары бойынша Еуропалық соттың тарапынан қатаң сынға алынуда.

Бельгия Конституциясы қоғамдық мектептерде ресми бекітілген діндер ілімдерін немесе «деноминациялық емес мораль» пәнін жүргізуге, діни құлшылық етуге және оның қоғамдық ортада жүзеге асырылуына кепілдік береді. Сонымен қатар мемлекет діни қызметкерлерге өтемақы мен зейнетақы берілетініне конституциялық деңгейде кепілдік береді. Алайда, мемлекет тек белгілі бір діни ұйымдарды мойындайды және соларға қаржылық көмек көрсетеді. Бельгия мемлекетіндегі 6 мойындалған діндер Рим католик шіркеуі (8 сәуір, 1802), Протестанттық шіркеу (8 сәуір, 1802), Англикандық шіркеу (4 наурыз, 1870), иудаизм (4 наурыз, 1870), мұсылмандар (19 шілде, 1974), православие (17 сәуір, 1985) болып табылады. Ресми түрде алты мойындалған діндері бола тұра, Рим католик шіркеуінің орны ерекше [26].

Испания Конституциясы (16-бап) діни сенім бостандығына кепілдік береді, бір де бір дін мемлекеттік болып табылмайды, дегенмен, қоғамдық институттар испан қоғамындағы діни сенімдерді есепке алып, Католик Шіркеуі мен өзге діни ұйымдармен серіктестік қатынас құруды талап етеді. Католик Шіркеуінің мемлекет пен шіркеу арасындағы жасалған келісімдердің арқасында бірқатар артықшылықтары бар. Испаниядағы салық жүйесі азаматтардың салықтарын Католик Шіркеуіне беруді де қарастырады. Қоғамдық институттарда барлық діни қызметкерлерге қызмет етуге рұқсат берілді, сондықтан да олар, әскерде, ауруханаларда және бас бостандығынан айрылған жерлерде қызмет ете алады, алайда, діни қызметтерін өтегені үшін мемлекет жалақыны тек Католик Шіркеулерінің қызметкерлеріне ғана береді. Мұсылмандар, ол жерге кіруге рұқсат алғанымен, құлшылық етуге рұқсаттары жоқ. Католиктік емес діндердің әрқайсысының мемлекетпен жеке келісімдері бар. Осындай жеңілдіктерге жету үшін діни ұйымдар мемлекеттік тіркеуден өтулері шарт. Мемлекетпен шартқа отырған кішігірім діни ұйымдар өздерінің құлшылық ететін құрылыстарын салу үшін көптеген қиыншылықтарға кездеседі [26].

Германиядағы мемлекеттік-шіркеу қатынастары жөніндегі пікірталас негізгі екі қағидатқа сүйенеді: серіктестік және автономия. Немістер мемлекет пен шіркеуді бір-бірін теріске шығаратын, адамдардың іс-әрекеттерінің екі бөлек саласы деп қарастырмай, екеуін де

Германиядағы тұрақты қоғамның дамуына тең дәрежеде үлесін қосатын серіктестер ретінде түсінеді [27]. Дін жеке бастың ісі ғана емес, қоғамдық кеңістікте, өмірде өз орны бар қабылданып, оны шеттету діни сенімге қатысты дискриминация деп есептелінеді.

Белгілі бір діндерді ресми түрде мойындап, оларға өзге діндер алдында артықшылық беріп отырған мемлекеттер қатарына: Австрия, Белгия, Германия, Италия, Испания, Дания, Финляндия, Болгария, Кипр, Греция, Венгрия, Исландия, Ирландия, Норвегия, Швейцария, Ұлыбритания сияқты демократиялық мемлекеттер жатады.

Көптеген батыс ғалымдарының пікірлерінше, мемлекеттік-конфессионалдық қатынастардың сипатына:

- мемлекеттің діни құрамы;
- халықтың діни бірегейлігінің деңгейі (гомогенді құрамы);
- географиялық орналасуы;
- тәуелсіздік алу кезеңіндегі басым (доминантты) топтың идеологиясы;
- мемлекеттің индустриалды және мәдени даму деңгейі;
- ішкі саяси басшылық немесе осындай басшылықтың тарихы сияқты факторлар ықпал етеді.

Жалпы, қазіргі таңда саяси ғылымдарда мемлекет пен дін арасындағы немесе мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар үлгісінің түрлері жөнінде пікірлер өте көп. Аталмыш үлгілер түрлі параметрлер бойынша жіктеледі. Осы бөлімде қарастырылған мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынастар үлгілеріне концептуалды талдау әлемдік тәжірибеде, тіпті бір геомәдени ареалға жататын, мемлекеттік-конфессионалдық қатынастардың бір үлгісіне жататын мемлекеттер үшін аталмыш қатынастарды реттейтін әмбебап түрінің жоқ екендігі анықталды. Мемлекеттік діндері бар үлгіге жататын батыс еуропа мен мұсылман елдері арасындағы зор айырмашылықтар бар. Конституциялық деңгейде ресми діндерін бекіткен батыс еуропа мемлекеттерінің басым көпшілігінде мемлекеттік институттар мен қоғамның жалпы сипаты зайырлы болып келеді. Сонымен қатар бұл мемлекеттер ресми мемлекеттік діндерінің болғанына қарамастан, діни сенім бостандығын қамтамасыз ету саласында өзге кішігірім діни ұйымдар мен жамағаттардың құқығын шектеу немесе құрметтемеу сияқты тәжірибе болмаған. Елдегі дәстүрлі діндерге қоғамдық өмірде белгілі артықшылықтар беру жаңа діни ұйымдардың құқықтарын шектеу немесе таптау деп қарастырылмайды.

Жалпы, Қазақстан үшін әлемдік діни және секуляризациялық үрдістердің ықпалының аясында тиімді мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар үлгісінің концепциясы қажет. Аталмыш үлгінің қалыптасуы үшін, жоғарғы талдаудан көріп отырғанымыздай, кез келген қоғамдарда белгілі бір мәдени, әлеуметтік, саяси және тарихи алғышарттардың жүйесі болады. Аталмыш жүйелі құрылымның нәтижесінде, қоғамның діни құрамына және оның тұрақты даму сипаты байланысты мемлекет пен дін арасындағы қатынастардың белгілі бір үлгісі қалыптасады.

Қазақстандағы діни саясат, мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қарым-қатынастар мүлде басқа қоғамдық-саяси шарттарда, халықаралық құқықтық мәдениеттің қысымы аясында қалыптасып келеді. Сонымен қатар мемлекет алдында дәстүрлі және дәстүрлі емес конфессиялармен, жаңа діни ұйымдармен қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау мақсатында тиімді қарым-қатынастар құру және мемлекеттің жаңа қоғамдық шарттарда діннің орнын бағалау және реттеу мәселелері тұр.

Жаңа діни ұйымдар қоғам үшін, әсіресе, мемлекеттік органдар үшін күрделі мәселелерді қойып отыр: біріншіден, елдегі соңғы жылдары дамыған діни плюрализмнің аясында дәстүрлі құндылықтар мен ұлттық мәдениетті сақтау мәселесін шешу, екіншіден, халықтың басым көпшілігін мұсылман жамағаты құрағандықтан саяси-ислами күштердің радикализациясы мәселесінің өршігіп кетуінің алдын алу шаралары, үшіншіден, елдегі соңғы кездегі дінге қатысты орын алған келеңсіз жағдайларды болдырмау және елдегі экстремистік идеялардың таралуының алдын алу мақсатында, жалпы халықтың діни сауаттылық пен діни қызметкерлердің ілімдік мәселелерін белгілі бір деңгейде реттеу. Осы орайда, Қазақстан

Республикасы үшін қазіргі таңдағы қоғамдық шынайылыққа байланысты, мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынастарды қалыптастыруда аталмыш екі институттар арасында ешқандай байланыс болмау керек деген қағидаттан алшақтап, серіктестік қарым-қатынастар үлгісін қалыптастырған жөн. Себебі әлемдегі және қазақстандық қоғамдық-саяси өмірде діни фактор рөлінің өсуі мемлекеттің осы мәселеге мұқият назар аударуын, дінге негізделген түрлі жағымсыз үрдістердің алдын алуда, азаматтардың сенім бостандығын қамтамасыз етуде діни ұйымдармен серіктестік қатынастар түзуін талап етеді. Осындай мәселелерге байланысты, Қазақстан Республикасы үшін мемлекеттік-конфессионалдық қатынастардың еуропалық тәжірибесін жақынырақ қарастыру маңызды. Әсіресе, ұлттық мәдениет пен ділдің қалыптасуына зор үлесін тигізген екі дәстүрлі конфессияларға қоғамдық өмірдің маңызды салаларында үлкен мүмкіндіктер мен артықшылықтар берген Германиядағы мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар үлгісінің бірқатар тұстарына назар аударған лазым.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік-конфессионалдық қатынастардың кооперациялық үлгісінің даярлануына, өзге елдердегі тәрізді белгілі әлеуметтік-мәдени алғышарттар мен тәжірибе қалыптасқан емес. Дегенмен, тәуелсіздік жылдардағы демократиялық және азаматтық қоғамның қалыптасуы аталмыш үлгінің қалыптасуына зор мүмкіндіктер ұсынып отыр. Сол себептен, мемлекеттік органдардың діни ұйымдармен (дәстүрлі діндер) ынтымақтастық қарым-қатынастарды кеңейтіп, олардың негізгі бағыттары мен мазмұнын анықтау қоғамдағы дінге негізделген радикализм, экстремизм құбылыстарына тосқауыл қойып, діни тұрақтылықты сақтау тек ұтымды болмақ. Қазіргі таңдағы мемлекет және дін арасындағы қатынастардың үлгілеріне концептуалды талдау жасау мемлекеттің ұлттық мәдениет пен тарихта ерекше орын алатын діндерге басымдық беру өзге жаңа діни ұйымдардың құқықтарын шектемейтіндігін көрсетті. Осы орайда, дәстүрлі діндердің радикалды және экстремистік діни идеяларға қарсы төтеп беруіндегі зор рухани әлеуетін қолдана отырып, олармен қарым-қатынасты күшейту тиімді болмақ. Мемлекеттік-конфессионалдық қатынастардың кооперациялық үлгісінің концепциясын даярлау міндетті түрде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен құқықтық заңнамаларының аясында қарастырылуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Онушко М. Ю. *Государственно-конфессиональные отношения: мировой опыт и Казахстан*. – Алматы, 2010. – С. 65.
- 2 Krishnaswami A. *Study of Discrimination in the Matter of Religious Rights and Practices// Religion and Human Rights: Basic Documents*. New York: Center for the Study of Human Rights; Columbia University Press, 1998. – P. 39.
- 3 Gunn J. *Managing Religion Through Founding myths and Perceived Identities*. In *New Religious Question: State Regulation or State Interference?* Brussels, 2006.– P. 33-37.
- 4 Balodis R. *State and Church in Latvia // State and Church in Baltic States*. Riga: Latvian Association for Freedom of Religion, 2001. – P. 23.
- 5 Koenig M. *Religion and Public Order in Modern Nation-States: Institutional Varieties and Contemporary Transformations*. In *Religion in the Public Sphere: A Comparative Analysis of German, Israeli, American and International Law*. – Heidelberg, 2007. – P. 10.
- 6 Maddod T. *Anti-essentialism, Multiculturalism, and the "Recognition" of Religious Groups // Journal of Political Philosophy*. – 1998. – №6. – P. 378-399.
- 7 Hanf T. *State and religion: Comparing Cases of Changing Relations//An International Conference report*. – Beirut, 2011. – P. 5.
- 8 Gunn J. *Religion and Politics in the United States in Comparative Perspective*. Religion and politics in France and the United States. – Boston: Rowman& Littlefield Publishing Group, 2007. – P. 6.
- 9 Brugger W. *On the Relationship between Structural Norms and Constitutional Rights in Church-State-Relations*. Religion in the Public Sphere: Comparative Analyses of Germany, Israeli and American and International Law. – Heidelberg, 2007. – P. 21.
- 10 Leung B, Shan-hing Ch. *Changing State and Church relations*. – Hong Kong University Press, 2003. P.5-6.

-
- 11 Wood J. *Church and State in the Modern World: A Critical Assessment and Annotated Bibliography*. – Greenwood Publishing Group, INC. – Westport, 2005. – P. 2.
- 12 Веремчук В. И. *Социология религии*. – М., 2004. – С. 68.
- 13 Байдаров Е. У., Бурова Е. Е., Косиченко А. Г. *Актуальные вопросы государственно-конфессиональных отношений в Республике Казахстан* // Сборник материалов. – Алматы: Институт Философии и политологии КН МОН РК, 2012. – С. 8.
- 14 Онлашева Ж. О. *Формирование государственной политики в сфере религии в Казахстане* // Материалы республиканской конференции «Религия, наука и СМИ: диалог сотрудничества». – Астана: МКИ РК, 2006.
- 15 Александров И. А. *Монархии Персидского Залива: этап модернизации*. – М.: Дело и сервис, 2000. – С.193.
- 16 Керимов Г. М. *Учение ислама о государстве и политике*. – М.: Знание, 1986. – С. 22.
- 17 Подопригора Р. А. *Государства и религиозные организации (административно-правовые вопросы)*. – Алматы, 2002. – С.12.
- 18 *Constitution of Malta. Section 2* [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: http://www.servat.unibe.ch/icl/mt00000_.html.
- 19 *Constitution of Denmark. Section 4* [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: http://www.servat.unibe.ch/icl/da00000_.html.
- 20 *Royal Danish Ministry of Foreign Affairs website* [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <http://www.um.dk/english/danmark>.
- 21 Jonathan Fox. *A World Survey of Religion and the State*. – Cambridge Press University, 2008. – P.115–116.
- 22 *Constitution of Greece* [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: http://www.servat.unibe.ch/icl/gr00000_.html.
- 23 *Constitution of Iceland* [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: http://www.servat.unibe.ch/icl/ic00000_.html.
- 24 Karl S. *The Curch of Iceland: Past and Present* [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: http://www.kirkjan.is/?english/church_of_iceland
- 25 *Freedom of Religion and Belief and the New Austrian Law on the “Legal Personalities of Religious Belief Communities”* // Austrian Press and Information Website [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <http://www.austria.org/oldsite/press/49.html>.
- 26 Alejandro G., “Religious minorities in Spain: A New Model for Relationships?” *Center for Studies on New Religions* [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <http://www.cesnur.org/2002/slc/torres.htm>.
- 27 Robbers G. “State and Church in Germany”. *Church and State in European Union*. – Baden-Baden: Nomos Verlagsgesselschaft, 2005. – P. 77–94.

Дата поступления статьи в редакцию 09.02.2016